# Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 90-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 20477 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 640-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 22.12.2021 № 640-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Стратегия және цифрландыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице - министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі* *Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің
2020 жылғы 23 сәуірдегі
№ 90-НҚ бұйрығымен
бекітілген

# Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі

| № | Ашық деректер жинағының атауы | Өзектілендіру кезеңі | Ұсыну мерзімі | Дереккөзі (ашық деректер интернет-порталы АЖО) арқылы немесе мемлекеттік органдардың API жүйесі арқылы) | Жауапты құрылымдық бөлімше |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | ILAC сынақ зертханаларының тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 2. | Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестігін растау жөніндегі органдардың бірыңғай тізілімі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 3. | Еуразиялық экономикалық одақтың сынақ зертханаларының бірыңғай тізілімі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 4. | Сынақ зертханаларының тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 5. | Сәйкестікті растау жөніндегі органдардың тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 6. | Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі органдардың тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 7. | Тексеру зертханасының тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 8. | Менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау жөніндегі органдардың тізбесі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. | Сарапшы аудиторлар тізілімі | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Техникалық реттеу және метрология комитеті |
| 10. | Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде үшінші елдерге қатысты қолданылатын арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары | жарты жылда бір рет | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сыртқы сауда қызметі департаменті |
| 11. | Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаменті жүргізетін үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары | жарты жылда бір рет | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сыртқы сауда қызметі департаменті |
| 12. | Еуразиялық экономикалық комиссия органдарының Еуразиялық экономикалық одағының импорттық кедендік баж мөлшерлемелерін өзгерту бойынша қабылдаған шешімдері | тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сыртқы сауда қызметі департаменті |
| 13. | Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына берілген лицензиялар тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі сауда департаменті |
| | Тауар биржалары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14. | қызметімен айналысу құқығына берілген лицензиялар тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі сауда департаменті |
| 15. | Тауар биржалары саласында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысу құқығына берілген лицензиялар тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі сауда департаменті |
| 16. | Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға берілген рұқсаттар тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі сауда департаменті |
| 17. | Қазақстанның экспорттық өнімдерінің тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Экспортты ілгерілету департаменті |
| 18. | Қазақстан экспортшылары тауар өндірушілерінің тізбесі | жыл сайын | есепті кезеңнен кейінгі әр айдың 10-а дейін | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Экспортты ілгерілету департаменті |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны;

API жүйесі – бағдарламалық қосымшаның интерфейсі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК